

ҚАРАЛДЫ:

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ педагогикалық кеңесінде
2026 жылы 20 наурыздағы № 6 Хаттама

БЕКІТЕМІН:

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ директоры Абырашев Б.Т.
30 наурыз 2026 жыл



Мәдениет және өнер саласындағы мамандандырылған орта білім беретін музыкалық ұйымдарға білім алушыларды қабылдау ережелері

1-тарау. Жалпы қағидалары

1. Мәдениет және өнер саласындағы мамандандырылған орта білім беретін музыкалық ұйымдарға білім алушыларды қабылдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17553 болып тіркелген) «Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждерін және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына» сәйкес әзірленді.

2. Мәдениет және өнер саласындағы мамандандырылған орта білім беретін музыкалық ұйымдар Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ білім беру ұйымының жарғысына сәйкес оқуға қабылдауды жүзеге асырады.

3. Мәдениет және өнер саласындағы мамандандырылған орта білім беретін музыкалық ұйымдардың білім беру қызметінің ерекшеліктерін (бұдан әрі – Мамандандырылған музыкалық мектеп), оның мамандандырылған музыкалық бағытын және музыкаға дарынды балалардың орындаушылық өнер негіздерін терең меңгеруін ескере отырып, 1-сыныпқа және бос орындарға оқушыларды қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады.

4. Мамандандырылған музыкалық мектептің өзіне бекітілген қызмет көрсету аумағы болмайды. Балаларды қабылдау Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінен жүзеге асырылады.

5. Білім алушылар қатарына қабылдау мамандандырылған музыкалық мектеп басшысының бұйрығы негізінде жүргізіледі.

6. Білім алушыларды қабылдаған кезде мамандандырылған музыкалық мектеп директоры ата-аналармен немесе балалардың (білім алушылардың) заңды өкілдерімен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен бекітілген білім беру қызметтерін көрсетуге арналған үлгілік шартқа сәйкес білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасасады (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13227 болып тіркелген).

2-тарау. Құжаттарды қабылдау тәртібі

7. 1-сыныпқа түсу үшін конкурсқа қатысуға алты жастағы және ағымдағы күнтізбелік жылы алты жасқа толатын балалар, сондай-ақ бұрын білім беру ұйымдарында (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта) оқымаған, мектепалды даярлықтан өткен жеті жастағы балалар жіберіледі.

8. Мамандандырылған музыкалық мектеп құжаттарды қабылдау басталғанға дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын өзінің ресми интернет-ресурсында 1-сыныпқа және бос орындарға құжаттарды қабылдау туралы хабарландыру орналастырады, онда мынадай мәліметтер қамтылады:

- 1) құжаттарды қабылдау шарттары мен мерзімдері;
- 2) оқыту тілін ескере отырып сынып-жинақтарды қалыптастыруға мүмкіндік беретін квота туралы мәліметтер;
- 3) конкурстық талаптар;
- 4) құжаттарды қабылдау кестесі;
- 5) конкурстық кезеңдерді өткізу кестелері.

Ресми интернет-ресурста орналастырылған ақпарат құжаттарды қабылдау және конкурстық кезеңдерді өткізу кезеңінің барлық уақытында толықтықты, өзектілікті және еркін қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Осы тармақта көрсетілген мәліметтерге өзгерістер енгізу оларды бекітілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей ресми интернет-ресурста орналастырумен қатар жүреді, ақпараттың жаңартылған күні көрсетіледі. Орналастырылған ақпаратты жаңартылған күнін көрсетпей жоюға немесе өзгертуге жол берілмейді.

9. 1-сыныпқа конкурстық іріктеуге қатысу үшін баланың ата-аналарынан немесе заңды өкілдерінен құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың 20 сәуірінен 30 мамырына дейін жүзеге асырылады.

10. Бос орындарға 2-сыныптан бастап құжаттарды қабылдау оқу жылы ішінде немесе жазғы демалыс кезеңінде оқушылардың кетуі есебінен пайда болатын бос орындар болған жағдайда жүзеге асырылады.

11. Құжаттарды қабылдау электрондық форматта (сканерленген құжаттар) электрондық пошта немесе өзге де байланыс құралдары арқылы жіберу жолымен, сондай-ақ мамандандырылған музыкалық мектеп басшысының бұйрығымен тағайындалған құжаттарды қабылдауға жауапты тұлғаға ұсынылатын қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады.

Түскен барлық құжаттар, оларды беру тәсіліне қарамастан, түскен күні мен уақыты автоматты түрде тіркеліп, бірыңғай тіркеу журналында міндетті түрде тіркеледі.

Құжаттардың түскен күні мен уақыты болып мыналар есептеледі:

1) электрондық нысанда жіберілген кезде – құжаттарды қабылдау үшін көрсетілген ресми электрондық мекенжайға (байланыс құралына) олардың түскен күні мен уақыты;

2) қағаз жеткізгіште тапсырылған кезде – құжаттарды жауапты тұлғаның нақты алған күні мен уақыты.

Құжаттарды тіркеуден бас тартуға оларды беру тәсіліне, беру кезіндегі техникалық ерекшеліктерге немесе құжатты қабылдаудың растауы болмауына байланысты жол берілмейді.

Құжаттарды есепке алу және қарау кезектілігі тек олардың тіркелген күні мен уақыты бойынша айқындалады.

12. Балаларды мамандандырылған музыкалық мектепке қабылдау үшін мынадай құжаттар ұсынылады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланың ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің өтініші;

2) баланың туу туралы куәлігі немесе жеке басын куәландыратын құжат;

3) ата-аналардың немесе баланың заңды өкілдерінің жеке басын куәландыратын құжат;

4) № 065/у нысанындағы «Екпелер паспорты» медициналық анықтамасы;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттарының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген № 052-2/у «Баланың денсаулық паспорты» медициналық анықтамасы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген);

6) баланың 3×4 см өлшеміндегі фотосуреті;

7) өтініш берген сәттегі тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы құжат – мектеп жанындағы интернатты қажет ететіндер үшін.

Бос орындарға түсушілер үшін қосымша ұсынылады:

8) білім беру ұйымы басшысының мөрімен расталған баланың оқу орнынан анықтама;

9) орындаушылық шеберлік бойынша республикалық шығармашылық конкурстарға қатысқаны туралы дипломдардың көшірмелері;

10) 10, 11 және 12-сыныптарға түсушілер үшін негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжат.

13. Жауапты тұлға осы Қағидалардың 11-тармағында көзделген құжаттар тіркелген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге белгіленген нысанда хабарлама жібереді:

1) құжаттардың қабылданғаны туралы;

2) осы Қағидалардың 14-тармағында көзделген толық негіздер көрсетіле отырып, құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы.

Хабарлама жіберіледі:

1) құжаттар электрондық нысанда түскен кезде – құжаттар жіберілген электрондық пошта мекенжайына немесе байланыс құралына электрондық түрде;

2) құжаттар қағаз жеткізгіште түскен кезде – өтініш беруші көрсеткен пошталық мекенжай бойынша жазбаша түрде немесе қол қойғыза отырып жеке тапсырылады.

Құжаттарды тіркеу, тіркелген күні мен уақыты, сондай-ақ хабарламаларды жіберу тіркеу журналында міндетті түрде есепке алынады.

14. Құжаттарды қабылдаудан бас тарту үшін негіздер мыналар болып табылады:

1) конкурсқа қатысу туралы өтінішті осы Қағидаларда белгіленген мерзімдер өткеннен кейін беру;

2) осы Қағидалардың 12-тармағында көзделген құжаттардың толық емес топтамасын ұсыну.

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту жазбаша түрде осы Қағидаларға 2-қосымшада белгіленген нысан бойынша бас тарту туралы қолхат беру арқылы ресімделеді.

Бас тарту туралы қолхат мынадай мәліметтер көрсетіле отырып, бас тартуларды тіркеу журналында міндетті түрде тіркеледі:

1) қолхат берілген күні мен уақыты;

2) өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) немесе өтініш берушінің атауы;

3) құжаттарды беру тәсілі;

4) осы Қағидалардың тиісті тармағына сілтеме жасай отырып, бас тартудың нақты негізі.

Бас тарту туралы қолхат өтініш берушіге беріледі:

1) құжаттар электрондық нысанда берілген кезде – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатқа теңестірілген электрондық нысанда;

2) құжаттар қағаз жеткізгіште берілген кезде – қағаз жеткізгіште.

Бас тартуларды тіркеу журналы белгіленген тәртіппен сақталуға жатады және құжаттарды қабылдаудан бас тартудың заңдылығын бақылау үшін пайдаланылады.

15. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды мамандандырылған музыкалық мектепке қабылдау тәртібі, сондай-ақ үміткерлердің білім деңгейін айқындау Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады, олар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 28 қыркүйектегі № 468 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6573 болып тіркелген).

Мамандандырылған музыкалық мектепте конкурстық кезеңнен сәтті өткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар тиісті қызмет саласындағы уәкілетті органға мамандандырылған музыкалық мектеп енгізетін ұсыным негізінде оқуға қабылданады.

3-тарау. Конкурстық іріктеуді ұйымдастыру және өткізу тәртібі

16. Дарынды балаларға арналған мамандандырылған музыкалық мектепте бейіндік оқыту үшін қажетті балалардың музыкалық қабілеттерін анықтау ерекшеліктеріне байланысты конкурстық іріктеу күндізгі форматта өткізіледі.

17. Конкурстық іріктеу баланың бейіндік оқуға дайындығын және музыкалық кәсіпті меңгеру қабілетін айқындауға мүмкіндік беретін сипаттамалар кешенін ескере отырып, мамандандырылған музыкалық мектептің конкурстық талаптарында көрсетілгендей 2 (екі) кезеңде жүзеге асырылады.

Сипаттамалар кешенін бағалау үшін конкурс өткізілгенге дейін бекітілген нақты көрсеткіштер мен критерийлер пайдаланылады. Әрбір бақылау немесе тестілеу нәтижелері көрсетіліп, ұпайлар берілген негіздермен бірге хаттамада тіркеледі. Комиссияның қорытынды шешімі субъективті түзетулер қолданбай, тек ұпайлардың объективті жиынтығы негізінде қалыптастырылады. Конкурсанттарды бағалауға байланысты барлық құжаттама мамандандырылған музыкалық мектепте белгіленген тәртіппен сақталады және есепке алынады, бұл бағалаудың заңдылығы мен ашықтығын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

18. Мамандандырылған музыкалық мектепке қабылдау мынадай мамандықтар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) арнайы фортепиано;
- 2) ішекті аспаптар (скрипка, альт, виолончель, контрабас, арфа);
- 3) халық аспаптары (домбыра, кобыз-прима, қыл-қобыз, баян, домра-прима, шертер);

4) үрлемелі аспаптар, 1-сыныпқа түсушілер үшін блок-флейтадан бастап, кейін негізгі аспаптарға көшу арқылы;

5) үрлемелі және ұрмалы аспаптар 3-сыныптан бастап: флейта, гобой, кларнет, фагот, саксофон, валторна, труба, тромбон, ұрмалы аспаптар;

6) хор дирижерлігі – 5-сыныптан бастап;

7) музыка теориясы, тарихы және композиция – 9-сыныптан бастап.

19.Конкурстық іріктеуді ұйымдастыру үшін мамандандырылған музыкалық мектеп басшысы қабылдау комиссиясының құрамын бекітілген субъектілер тізбесі негізінде бекітеді, оған мыналар кіреді:

1) жетекші педагогтар мен бөлім меңгерушілері;

2) конкурсқа қатысушылармен байланысты емес кемінде бір тәуелсіз маман;

3) уәкілетті органның кемінде бір өкілі.

20.Мамандандырылған музыкалық мектептің дәрігері қабылдау комиссиясының құрамына басшының бұйрығымен енгізіледі. Дәрігер түсушілердің медициналық құжаттарын тексереді және балаларда бұлшықеттер мен тыныс алу аппаратына ұзақ уақыт біртүпті жүктеме түсіруді талап ететін терендетілген музыкалық оқытуға қарсы көрсетілімдердің жоқтығы туралы комиссияға сенімді ақпарат береді:

1) созылмалы аурулардың, туа біткен патологиялардың, бассүйекішілік қысымның, жүйке жүйесінің органикалық зақымдануының, туа біткен жүрек ақауларының, бүйректің ауыр ауруларының, эпилепсияның болмауы;

2) жоғары дене жүктемелеріне жол бермейтін өзге де медициналық қарсы көрсетілімдердің болмауы.

21.Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негізінде қабылдау комиссиясы жалпы білім беретін және музыкалық бөлімдерде қатар оқыған кезде жоғары жүктемелер қарсы көрсетілген кандидаттарды тыңдауға жібермеу туралы ұсыным береді. Әрбір шешім хаттамада міндетті жазбаша негіздемемен тіркеледі және комиссия журналында сақталады. Негіздеме тиісті қорытындыға сілтемелерді және денсаулық жағдайының нақты көрсеткіштерін қамтуы тиіс.

22.Қоғамдық байқаушылар ретінде қабылдау комиссиясының құрамына «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің, сондай-ақ өзге ұйымдардың, оның ішінде қоғамдық бірлестіктердің өкілдері енгізілуі мүмкін.

23.Байқаушылар конкурстың объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді, қағидалардың және қатысушылардың құқықтарының сақталуын бақылайды, ықтимал бұзушылықтарды тіркейді және олар туралы мамандандырылған музыкалық мектеп басшылығына немесе уәкілетті органға хабарлайды.

24.Байқаушылар конкурстың барлық кезеңдеріне қатыса алады және бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты ала алады.

25.Қабылдау комиссиясы мүшелерінің саны 11 (он бір) адам болып белгіленеді. Төраға комиссияның бірінші отырысында мүшелердің көпшілік дауысымен сайланады.

26.Қабылдау комиссиясының хатшысы оның құрамына кірмейді, материалдарды дайындайды және хаттамаларды жүргізеді.

27.Қабылдау комиссиясының шешімдері ашық дауыс беру арқылы қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда қайта талқылау жүргізіледі немесе қосымша тәуелсіз комиссия мүшесі тартылады.

Отырыс комиссия мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болып табылады. Ерекше пікір жазбаша түрде рәсімделеді және хаттамаға қоса беріледі. Барлық талқылаулар отырысқа қатысқан комиссия мүшелері қол қойған хаттамада тіркеледі.

28.Конкурстық іріктеу қорытындылары хаттамамен рәсімделеді және конкурс өткізілгеннен кейінгі келесі күннен кешіктірмей мамандандырылған музыкалық мектептің интернет-ресурсында орналастырылады.

29.Мамандандырылған музыкалық мектептің кадрлық қажеттіліктерін, үлгілік оқу жоспарларын және ішкі теңгерімін ескере отырып, мамандықтар бойынша балаларды тең қабылдау мақсатында аспаптар бойынша түсушілерді бөлу квотасы қалыптастырылады.

30.Конкурсқа қатысушылар үшін тең жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында І-сыныпқа түсу емтиханында аспапта шығарма орындау міндетті болып табылмайды. Орындау қалауы бойынша рұқсат етіледі және нақты аспапқа бөлуге негіз болмайды.

31.Балаларды аспаптар бойынша бөлу құқығы қабылдау комиссиясына тиесілі. Келіспеген жағдайда ата-аналар мамандандырылған музыкалық мектепке қабылдаудан бас тартуға құқылы.

32.Конкурстық іріктеудің әрбір кезеңінің қорытындылары конкурстық комиссияның хаттамаларымен рәсімделеді. Нәтижелерді бағалау мамандандырылған музыкалық мектеп басшысының бұйрығымен бекітілген конкурстық сынақтарды бағалау әдістемесіне сәйкес жүргізіледі (бұдан әрі – Әдістеме).

Әдістеме конкурстық сынақтардың тізбесін, бағалау көрсеткіштерін (музыкалық есту, ырғақ және өзге де), бағалау шкаласын, нәтижелерді тіркеу тәртібін, комиссияның шешім қабылдау критерийлерін қамтиды. Әдістемені қолдану барлық конкурсанттар үшін міндетті, нәтижелер хаттамаларда тіркеледі.

33.Оту балы жыл сайын қабылдау комиссиясымен ең жоғары ұпай саны және қабылдау квотасына қарай белгіленеді.

34.Конкурстық іріктеудің ашықтығын қамтамасыз ету үшін бейнебақылау және аудиожазба жүйелері пайдаланылады.

35.Ата-аналардың немесе заңды өкілдердің конкурстық іріктеуге, талқылауларға және комиссия отырыстарына қатысуына жол берілмейді.

36.Белгіленген мерзімде тыңдауға келмеген кандидаттар одан әрі қатысуға жіберілмейді. Келмеу туралы акпарат хаттамада көрсетіледі.

37.Белгіленген мерзімнен тыс тыңдау туралы өтініштер қаралмайды.

38.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесінің 3-тарауының 1, 2 және 3-параграфтарына сәйкес халықаралық және республикалық орындаушылар конкурстарының, сондай-ақ мамандандырылған конкурстардың жеңімпаздарына ұпайлар тең болған жағдайда басымдық беріледі.

39.Конкурс қорытындысы бойынша мамандықтар, сыныптар және оқыту тілдері бойынша резервтік тізім (5 кандидаттан аспайды) қалыптастырылады. Тізім резервтік тізімге қабылдау туралы бұйрыққа қол қойылған күні мамандандырылған музыкалық мектептің интернет-ресурсында орналастырылады.

40.Оқушыларды мектепке қабылдау конкурстық комиссияның ұсынымы негізінде жүзеге асырылады.

41.Қорытынды хаттама негізінде мамандандырылған музыкалық мектеп басшысы қабылдау және резервтік тізімге енгізу туралы бұйрық шығарады.

42.1-сынып үшін резервтік тізім 1 қыркүйекке дейін қолданылады.

43.Резервтік тізімнен қабылдау тек қабылданған балалардың ерікті түрде бас тартуы жағдайында жүзеге асырылады.

44.Жыл ішінде бос орындарға қабылдау бос орындар пайда болған және мамандықтар бойынша квота болған жағдайда жүргізіледі.

45.1-сыныпта оқу процесі барысында басқа аспапқа ауыстыру туралы өтініштер қаралмайды.

46.Бұрын аяқтап шыққан сыныпқа қайта қабылдау туралы өтініштер қаралмайды.

4-тарау. Қабылдау комиссиясының шешімдеріне шағымдану тәртібі

47.Балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдерінің шағымдарын қарастыру үшін кемінде 5 (бес) адамнан тұратын апелляциялық комиссия құрылады, оған мыналар кіреді:

- 1) төраға;
- 2) жетекші музыкант-мамандар мен педагогтер;
- 3) уәкілетті органның кемінде бір өкілі;
- 4) кемінде бір тәуелсіз қоғамдық бақылаушы.

Комиссия мүшелерін тағайындау жария түрде жүргізіледі, өкілеттік мерзімі бұйрықпен бекітіледі, нақты немесе ықтимал мүдделер қақтығысы бар тұлғалар шағымдарды қарауға жіберілмейді.

48. Апелляциялық шағым балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері тарапынан конкурстық іріктеу қорытындысы жарияланғаннан кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде тапсырылады.

Шағым қағаз және электронды түрде, оның ішінде канцелярия арқылы жеке тапсыру арқылы қабылданады.

49. Апелляциялық комиссия мына мәселелерді қарамайды:

1) қатысушының келмеуі, кешігуі немесе денсаулығының нашарлауына байланысты конкурс кезеңдерінде туындайтын мәселелерді;

2) қатысушының тәртіп ережелерін немесе тапсырмаларды орындау нұсқауларын бұзуын;

3) мамандандырылған музыкалық мектептің білім беру бағдарламасының мазмұны мен құрылымына қатысты сұрақтарды.

Комиссия құрамына және процедуралық бұзушылықтарға қатысты шағымдар қаралған кезде дау туындаған шешім уақытша тоқтатылады.

50. Апелляциялық шағым құжаттарды қабылдау үшін жауапты тұлға арқылы апелляциялық шағымдар журналында тіркеледі.

51. Шағым апелляциялық комиссия тарапынан тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қаралады.

52. Шағым иесіне және қоғамдық бақылаушыларға апелляциялық комиссияның отырысының күні мен уақыты хабарланады.

53. Шағым иесі апелляциялық комиссияның отырысына қатысу құқығына ие.

54. Апелляциялық комиссия берілген бағалардың негізділігін және дұрыс есептелгенін, сондай-ақ конкурстық іріктеу мен бағалау тәртібінің сақталғанын тексереді. Комиссия қажетті жағдайда берілген материалдарды тәуелсіз бағалай алады, қолданылған критерийлер мен бағалау әдістемелерін талдайды, сыртқы сарапшыларды тарта алады, сондай-ақ процедуралық бұзушылықтар анықталған жағдайда материалдарды қайта тыңдауға немесе қайта бағалауға жіберу туралы шешім қабылдай алады.

55. Апелляциялық комиссия конкурс қатысушысының құжаттарымен танысады, конкурс кезеңдерінің материалдарын, қабылдау комиссиясының хаттамаларын, конкурстық тыңдаулардың бейне және аудиожазбаларын қарайды, бұл кезеңде шағым иесінің қатысуы міндетті емес.

56. Шағым иесі өз баласының орындауының бейне және аудиожазбаларымен апелляциялық комиссияның қатысуымен танысу құқығына ие.

57. Апелляцияны қарау емтиханды қайта тапсыру немесе тыңдауды қайталау болып саналмайды.

58. Баллдарды өзгерту тек қате есептеу немесе ұпайларды қосу кезінде, сондай-ақ бағалау критерийлерін бұзу анықталған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

59. Апелляциялық комиссия қатысушының қорытынды баллын төмендегі жағдайларда түзете алады:

1) қабылдау комиссиясының жеке мүшесі қойған бағаның басқа мүшелер бағаларының орташа мәнінен негізсіз айтарлықтай ауытқуы анықталған жағдайда;

2) қорытынды балл есептелгенде арифметикалық немесе техникалық қателіктер табылғанда.

Қорытынды баллды түзету осы Қағидалардың 17-тармағында айқындалған қайта есептеу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады және апелляциялық комиссияның негізделген шешімімен рәсімделеді. Баллдарды тек келесі кезеңге өтуге жеткіліксіздігі үшін арттыруға жол берілмейді.

60. Басқа жағдайларда апелляциялық комиссия қабылдау комиссиясының көпшілік дауысымен қабылданған шешімін өзгерте алмайды және төмен нәтиже көрсеткен қатысушының баллдарын арттыра алмайды.

61. Шағымдарды қарау апелляциялық комиссияның жабық отырысында жүзеге асырылады. Ашықтықты қамтамасыз ету үшін отырыс міндетті түрде аудиожазбаға жазылады. Апелляциялық комиссия шешімдері комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысы арқылы қабылданады және негізделген хаттамамен рәсімделеді. Аудиожазба және хаттама мамандандырылған музыкалық мектептің іс-қағаздар номенклатурасына сәйкес сақталады және заң талаптарын сақтай отырып мүдделі тұлғаларға беріледі.

62. Апелляциялық комиссия қарау нәтижесінде бір шешім қабылдайды:

1) шағымды қанағаттандырмау және баллдарды өзгеріссіз қалдыру;

2) шағымды қанағаттандыру және баллдарды өзгерту.

63. Қабылдау комиссиясы апелляциялық комиссияның хаттамалық шешімін орындайды, конкурсанттың бағалау парақтарына және конкурстық іріктеу деректер базасына өзгертулер енгізеді.

64. Апелляциялық комиссия отырысының хаттамалары, төраға мен барлық мүшелердің қолымен расталған, қабылдау комиссиясына апелляциялық шағымдармен бірге беріледі.

65. Апелляциялық комиссияның шешімі шағым иесіне отырыс аяқталғаннан кейін жеке қолымен беріледі немесе шағымда көрсетілген байланыс құралдары арқылы жіберіледі.

66. Апелляциялық комиссия жұмысы аяқталғаннан кейін конкурстық жұмыстар шағым иелеріне танысу үшін берілмейді, және берілген бағаларға қатысты талаптар қабылданбайды.

67. Апелляциялық комиссияның шешімі соңғы болып табылады және орындалуы міндетті. Заң бұзушылықтар немесе елеулі процессуалдық кемшіліктер анықталған жағдайда мамандандырылған музыкалық мектептің басшысы немесе уәкілетті мемлекеттік орган шектеулі түрде сыртқы қайта қарауды жүзеге асыра алады. Қайта қарау тәртібі мен мерзімі мамандандырылған музыкалық мектептің шешімімен белгіленеді. Қайта қарау

шешімі негізделген құжатпен рәсімделеді, онда анықталған бұзушылықтар мен тексеру нәтижелері көрсетіледі.

68. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда комиссия мүшесі 2 (екі) жұмыс күні ішінде бұл туралы ерікті жазбаша түрде хабарлауы тиіс және комиссия құрамынан шығарылуға жатады.

Апелляциялық комиссия 2 (екі) жұмыс күні ішінде мүдделер қақтығысы туралы хабарлама алған күннен бастап мүшені алға жылжыту (өздігінен шығару) туралы шешім қабылдайды және апелляциялық комиссияның жаңа құрамын бекітеді.

69. Конкурстық қатысушылардың бейне және аудиожазбалары уәкілетті органдарға тек ресми сұрау негізінде, қол жеткізу мақсаты көрсетілген жағдайда беріледі. Барлық сұраулар мен жазбаларды беру журналда негіздемесі және материалды алушы тұлға көрсетіліп тіркеледі. Материалдарға қол жеткізу тек уәкілетті лауазымды тұлғаларға олардың қызметтік өкілеттіліктері шегінде беріледі, жеке деректерді қорғау және ақпарат құпиялылығы қамтамасыз етіледі.

70. Бейне және аудиожазбалар мамандандырылған музыкалық мектепте қабылдау емтиханы өткізілген күннен бастап кемінде 3 (үш) жыл сақталады. Жазбалар қорғаулы түрде, құпиялылықты сақтау және шифрлау шаралары қолданылып сақталады. Жазбаларды жою уәкілетті комиссияның құжаты негізінде жүргізіледі, процедураға қатысқан тұлғалар мен жою күні тіркеледі.

Қосымша 1

Нысан

баланың ата-аналары немесе
заңды өкілдерінің өтініші

директорына

Ата-анасы (заңды өкілінен)

жеке кәулік № _____,

берілді

Тұрғылықты мекенжайы:

байланыс телефон:

Өтініш

Менің баламның:

Баланың толық аты-жөні (әкесінің аты бар болса):

Туған күні: _____

ЖСН: _____

Талап етілетін сынып: _____

Мамандығы: _____

Оқыту тілі: қазақ / орыс (қажетін сызыңыз)

Мектеп жанындағы интернатқа мұқтажбыз / мұқтаж емеспіз (қажетін сызыңыз)

1-сыныпқа / бос орынға (қажетін сызыңыз) _____ оқу жылына

конкурстық іріктеуге қатысу үшін қатысу мүмкіндігін қарастыруыңызды
сұраймын.

Қолы : _____

Датасы: « ____ » _____ 20 ____ жылы.

Нысан

өтініштерді және (немесе)
құжаттарды қабылдаудан бас
тарту туралы қолхат

Өтініштерді және (немесе) құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Осы қолхатпен ата-ананың немесе заңды өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

расталады: _____

ЖСН : _____

Ұсынылған құжаттар : _____

Өтініш берген күні : « _____ » _____ 20__ жылы.

_____ (бас тарту себебін көрсету)

Осы қолхат 2 данада жасалды, әр тарапқа бір-бірден беріледі.

Өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): _____

Лауазымы : _____

Қолы: _____

Датасы: « _____ » _____ 20__ год.

Ата-ананың немесе заңды өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
(таныстым): _____

Қолы: _____

Датасы: « _____ » _____ 20__ жылы.